КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 18 қазан №4712-24-00-2/3716 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК Сұлтан, басшысы Калекеев Карасай Сарыбаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

ЖК Сұлтан, басшысы Калекеев Карасай Сарыбаевич, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК Сұлтан, басшысы Калекеев Карасай Сарыбаевичтен мемлекет пайдасына 9 409 (тоғыз мың төрт жүз тоғыз) теңге тұрақсыздық айыппұлы өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ЖК Сұлтан, басшысы Калекеев Карасай Сарыбаевичтен мемлекет пайдасына 1940 (бір мың тоғыз жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 18 қазанда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 18.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.11.2024, судья Метеркулова Г. О., 27.11.2024

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство - «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі -

4712-24-3-1/3480